

«Келісемін»

Директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары А.Баймуратова А.Баймуратова
«29» тамыз 2023 жыл

«Бекітемін»

№4 Мәртол жалпы орта білім
бүрстік мектебінің директоры
Б.Абдуллина Б.Абдуллина
«29» тамыз 2023 жыл

**Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша
2023-2024 оқу жылына арналған 7 «Ә» класының
ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ**

Мәртол-2023ж.

ТҮСІНК ХАТ

Өскелен жас үрпакты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас үрпак, ал үрпак тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен занды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру үйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, үрпактың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру үйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген енбеккор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсietін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел біrlігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыбулаға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұрага ұқыптылықпен қарауга және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбеккорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сактайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-қуйін басқарады.

5. Үұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табигатқа жанашыр және туган жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МУДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мудде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның онтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;
- Қазақстан мұддесінекізмет етуге ұмтылу;
- Қоғам иғілігі үшінкізмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл;
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді;
- Елінің тарихын құрметтейді;
- Ұлттық миравы, мәдениетті дәріптейді;
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары;

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;

- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезінү.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дағыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығынсақтайды;
- Дағыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Коршаган орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Іздеміпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешеніндегі жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз

ететін дереккөзі ретінде қолдану;

- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстau мәдениетін қалыптастырудың күралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтедерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік түрғыдан дамуына ықпал ететін қүралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын көңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насиҳаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-

15 жас) Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;

- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдептерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;

- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;

- ақын-жыраулар және ұлт зиялыштарының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;

- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насиҳаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б.

шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастан тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастан тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстauға, адаптация мен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;

- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге

- белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғырудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән берे отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар үйымдастыру;
 - отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
 - адаптацияның ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар үйымдастыру;
- Білім беру үйымдары мен педагогтың міндеті:
- балаларды занға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, ұлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
 - білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру үйымдарының педагогтары мен окушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын үйымдастырады.

Білім беру үйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білімберу) басшысының (менгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін үйимдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды үйимдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру үйимдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жүргішілік және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастырының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әнгімелер, ата-аналарға (басқа да занды

екілдерге) арналған консультациялар);

- білім алушылардың оку жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сактау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;

- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларынажүктеледі.

Oрындалған іс-шараларды ғлеуметтік жерлерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуга құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Жасыл мектеп»
7. «9 ай- 9 іс-шара»
8. «Ата-аналар мектебі»
9. «Отбасы-орта мектеп» жобасы
10. «Дәстүр мен ғұрып»

**Біртұтас тәрбие бағдарламасының «Ұлттық мұдде», «Ар-ұят», «Талап» құндылықтарына
негізделген тәрбие жұмысының жылдық жоспары**

ҚЫРКҮЙЕК – «БІЛІМ» АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары; /
- 5 қыркүйек- A.Байтұрсынұлының туган күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар;
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясаудің туганына 930 жыл;
- Қазақ әдебиетінің XX гасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазуши Оралхан Бекейдің туганына 80 жыл.

| № | Іс-шаралар | Аяқталу нысаны | Жауптылар | Орындалу мерзімі |
|--|--|----------------------|-----------|-------------------------|
| Құндылықтар: Ұлттық мұдде (Отан), Ар-ұят, Талап | | | | |
| 1 | Білім күніне арналған «Мектебім – мейірім мекені!» | Сынып сағаттар шеруі | | 1 қыркүйек, 2023жыл |
| 2 | Қазақстан халықтарының тілдер күніне орай «Тіл -татулық тірекі» | Сынып сағаты | | 8 қыркүйек, 2023 жыл |
| 3 | «Отбасы – бақыт мекені» | сынып сағаты | | 15 қыркүйек 2023 жыл |
| 4 | «Бес нәрсеге асық бол» | Сынып сағаты | | 22 қыркүйек 2023 жыл |
| 5 | Қарттар мен ұрпақтар ынтымақтастығы күніне орай "Қарияға қол ұшын соз", "Ардагерлерді ардақтайық!" | Сынып сағаты | | 29 қыркүйек 2023 жыл |

ҚАЗАН – «АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ» АЙЫ

- 1 қазан - *Қарттар күні*
- 5 қазан – *Мұғалімдер күні*
- 25 қазан – *Республика күні*

| | Іс-шаралар | Аяқталу нысаны | Жауаптылар | Орындалу мерзімі |
|--|---|-----------------------|-------------------|-------------------------|
| Құндылықтар: Ұлттық мұдде (Отан), Ар-ұят, Талап | | | | |
| 1 | Ұстаздар мерекесіне орай «Ұстазға алғыс» | Сынып сағаты | | 6 қазан 2023 жыл |
| 2 | «Зиянды әдеттерден сақ болайық!» | Сынып сағаты | | 13 қазан 2023 жыл |
| 3 | -25 қазан - Республика күні мерекесіне орай "Қазақстан-туған жерім, туған елім" | Сынып сағаты | | 20 қазан 2023 жыл |
| 4 | «Отбасылық салт-дәстүр, әдет ғүрпіндең білесіңбей?» өнеге сағаты | Сынып сағаты | | 27 қазан, 2023 жыл |

ҚАРАША – «ПОЭЗИЯ» АЙЫ

«Асық ойыны – үлкен халықтық тәрбие. Біздің ұлттымыздың дәстүрлері мен мәдениетінің бастауы» Б.Момышұлы.

- 15 қараша - Ұлттық валюта күні;
- Махамбет Өтемісұлының туганына 200 жыл;
- Төле бидің 360 жылдығы, 1663-1756;
- Күзгі демалыс.

| № | Іс-шаралар | Аяқталу нысаны | Жауаптылар | Орындалу мерзімі |
|--|---|-----------------------|------------|-----------------------|
| Құндылықтар: Ұлттық мұдде (Отан), Ар-ұят, Талап | | | | |
| 1 | Ата-аналарға психологиялық қызмет көрсету жұмысын жетілдіру мақсатында кеңес беру жұмыстары, ата-аналар жиналышы | Ата - аналар жиналышы | | Жыл бойы 2023 жыл |
| 2 | «Адам өміріндегі отбасы.Отбасы құндылықтары» | Сынып сағаты | | 10 қараша 2023 жыл |
| 3 | 15 қараша – Валюта күніне орай «Тенге – мемлекет келбеті» | Сынып сағаты | | 17 қараша 2023 жыл |
| 4 | Махамбет Өтемісұлының 220 жылдығына орай: -«Жалынды ақын Махамбет» атты сынып сағаттары; - Тарихи жерлерге саяхат жасау; - Патриоттық өлең оку шеруі | Сынып сағаты | | 24 қараша 2023 жыл |

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛ»

➤ 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

Құндылықтар: Ұлттық мұдде (Отан), Ар-ұят, Талап

| № | Iс-шаралар | Аяқталу нысаны | Жауаптылар | Орындалу мерзімі |
|---|--|----------------|------------|--------------------------|
| 1 | Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 130 жылдығына орай мәнерлеп өлең оқу чөллендікі | Сынып сағаты | | 1 желтоқсан 2023 жыл |
| 2 | «Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық» | Сынып сағаты | | 8 желтоқсан 2023 жыл |
| 3 | -ҚР Тәуелсіздік күніне орай «Ұлттық рух – мәнгілік ел болудың өзегі» | Сынып сағаты | | 15 желтоқсан 2023 жыл |
| 4 | «Еңбек бәрін де жеңбек» | Сынып сағаты | | 22 желтоқсан, 2023 |

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» АЙЫ

Қысқы демалыс

Құндылықтар: Ұлттық мұдде (Отан), Ар-ұят, Талап

| № | Іс-шаралар | Аяқталу нысаны | Жауаптылар | Орындалу мерзімі |
|---|--|---------------------|------------|-------------------------|
| 1 | Ата-аналар жиналышы «Отбасындағы ортақ тіл» | Ата-аналар жиналышы | | 1 апта қаңтар, 2024 жыл |
| 2 | Менің құқықтарым мен міндеттерім | Сынып сағаты | | 8 қаңтар 2024 жыл |
| 3 | «Гаджет және бала», «Ғаламтор мен әлеуметтік желілер: зияны немесе пайдасы» тәрбие сағаттары | Сынып сағаты | | 15 қаңтар 2024 жыл |
| 4 | «Қазақ халқының салт дәстүрін білесінбей?» | Сынып сағаты | | 22 қаңтар, 2024 жыл |
| 5 | «Ұлттық тәрбие-ұлт болашағы» | Сынып сағаты | | 29 қаңтар 2024 жыл |

АҚПАН – «ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ» АЙЫ

Құндылықтар: Үлттық мұдде (Отан), Ар-ұят, Талап

| № | Іс-шаралар | Аяқталу нысаны | Жауаптылар | Орындалу мерзімі |
|---|---|----------------|------------|----------------------|
| 1 | «Мұқағали Мақатаев – поэзия түлпары» | Сынып сағаты | | 5 ақпан 2024 жыл |
| 2 | «Кітап білім қазынасы» | Сынып сағаты | | 12 ақпан 2024 жыл |
| 3 | «Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті» | Сынып сағаты | | 19 ақпан 2024 жыл |
| 4 | -1 наурыз – Алғыс айту күніне арналған «Ізгіліктің бір ізі - алғыс айту» -«Мейірімді сөздер» километрі алғыс айту шеруі; | Сынып сағаты | | 26 ақпан 2024 жыл |

НАУРЫЗ – «ҮЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ» АЙЫ

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
-

Құндылықтар: Үлттық мұдде (Отан), Ар-ұят, Талап

| № | Іс-шаралар | Аяқталу нысаны | Жауаптылар | Орындалу мерзімі |
|---|--|----------------|------------|------------------------|
| 1 | «Ана сізге мың алғыс» 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесінен орай | Сынып сағаты | | 4 наурыз 2024 жыл |
| 2 | «Үлттық ойындар» | Сынып сағаты | | 11 наурыз 2024 жыл |
| 3 | -22 наурыз – Үлкен ұлы мерекесінен орай – «Үлттық киім – үрпаққа мұра» | Сынып сағаты | | 18 Наурыз, 2024 жыл |

СӘУІР–«ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ» АЙЫ

- 12 сәуір - Фылым күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихши, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының тұганына 165 жыл

Құндылықтар: Ұлттық мұдде (Отан), Ар-ұят, Талап

| № | Іс-шаралар | Аяқталу нысаны | Жауаптылар | Орындалу мерзімі |
|----------|--|-----------------------|-------------------|-------------------------|
| 1 | «Ұлттық аспаптардың түрлері» | Сынып сабакты | | 1 сәуір 2024 жыл |
| 2 | -«Ғажайыпқа толы табиғат сырлары» | Сынып сабакты | | 8 сәуір 2024 жыл |
| 3 | «Достық – көмекпен мықты» | Сынып сабакты | | 15 сәуір 2024 жыл |
| 4 | -«Дұрыс тамақтана білесің бе?» | Сынып сабакты | | 22 сәуір 2024 жыл |
| 5 | 1 мамыр- Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай «Ұлттар достастығы» | Сынып сабакты | | 29 сәуір 2024 жыл |

МАМЫР – «БЕЙБІТШІЛК ПЕН ТАТУЛЫҚ» АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси құғын-сүргін және ашарыштық құрбандарын еске алу күні.

Құндылықтар: Ұлттық мұдде (Отан), Ар-ұят, Талап

| № | Іс-шаралар | Аяқталу нысаны | Жауаптылар | Орындалу мерзімі |
|----------|---|--------------------------|-------------------|-------------------------|
| 1 | 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай «Ұранды ердің – ұрпағы қайсар» | Сынып сабаты | | 6 мамыр 2024 жыл |
| 2 | -Әскери-патриоттық тәрбие аясында «Кітапқа жазылмаған тарих» атты ерлік сабактарын өткізу | Сынып сабаты, іс-шаралар | | 13 мамыр 2024 жыл |
| 3 | Жазғы демалысымды қалай өткіземін | Сынып сабаты | | 20 мамыр 2024 жыл |